Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - дейді Н.Ә.Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танимыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңдағы оқу орындарындағы білім мен тәрбие жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жүзеге асырылуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 2017 жылғы 12 сәуір
2. <http://alashainasy.kz/bil/sapalyi-blm-bolashak-kepl-96769/>

УДК 398.93

ОСНОВА ЦЕННОСТИ – ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ

Утешев Н.С., Төреғали К.Е., Кудайбергенова А.М.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** эта статья основана на образовании и воспитании, указанных в статье главы государства, посвященной духовному возрождению нации. Национальное возрождение тесно связано с национальным сознанием. Его конечная цель - оставаться страной с национальным наследием, стать конкурентоспособной и успешной страной, которая поддерживает национальное единство и согласие.*

***Ключевые слова:** духовное возрождение, ценность, идеология, реализм, прагматизм, национальный дух, национальное возрождение.*

RELEVANCE OF SPECIALISTS TRAINING FOR INSURANCE COMPANIES

¹ Satymova K.M., ² Togzhanova A.K.

¹ West- Kazakhstan innovative-technological university, Uralsk

² West Kazakhstan State University named after M. Utemisov, Uralsk

Abstract: *the relevance of article is caused by a problem of creation personnel training in insurance companies. The given problem remains priority not only in sense of personnel management, but also as a critical component of activization process of insurance sales.*

Key words: *specialists training, insurance reserves, insurance companies, assets of insurers.*

Insurance in Kazakhstan is a preferred destination of the market development. The insurance market is a little more than ten years old. It gradually gains properties that are characteristic to the prosperous western countries. Insurance development is being implemented during economic transition period. It has become one of the main challenge. The Republic of Kazakhstan had done a great deal of work on creation of the national insurance market, within implementation of the State programme in the field of insurance. Unlike other sectors of economy it is observed steady growth rates of key indicators, because of placement of assets in more financially stable and liquid financial instruments in recent years. The insurance market this equal partnership also assumes independence of insurance companies concerning acquisition of insurance services, thereby providing uninterrupted operation of reproduction process by rendering the monetary help to victims in case of unforeseen adverse circumstances. The insurers needing insurance services and insurers satisfying demand for them and also insurance intermediaries and the organizations of insurance infrastructure operate on the insurance market.

Insurance is a specific activity in the sense that is connected with of insurance service that has intangible and invisible character, in comparison from other services (restaurant, travel or hotel business, etc.). Any insurance company sells promises, and performance of the contract can be confirmed only over time.

Nowadays qualified specialists for Kazakhstan insurance companies are required. Training initiates with higher education institutions and prolongs in insurance companies.

In Kazakhstan only a few higher education institutions of the releasing experts in the field of insurance and theoretical knowledge of graduates is not enough for prosperous work in insurance companies. The practical work experience is required.

Furthermore, the branch of insurance is considered young and therefore there is no accurately regulated legislative base in the field of insurance at present, there are also no accurate requirements and programmes on specialists training. It is necessary to consider also scientific and technical progress and also knowledge and ability to put them into practice. In this regard specialists training in an insurance company has a paramount importance.

Insurance activity is kind of financial consultation of clients concerning minimization of possible material losses, planning and implementation of real financial protection. Insurance companies approach to the selection, enrollment insurance agents training and work quality control in serious consideration. Frequently success of insurance company depends from that what impression insurance agents on potential clients will make.

Thus, the unequivocal conclusion could be drawn from the provision that included insurance agents are the main resource for successful functioning and insurance company development.

The basic course of insurance agents training include such problems as history of development Kazakhstan and international insurance; bases of the theory of insurance business; contract of insurance, insurance policy; documenting in insurance; main insurance products; insurance of natural persons; insurance of legal entities; technology of sales of insurance services; legal questions of the organization of insurance business; methods of definition of degree of risk at signing of the contracts

on insurance services and estimates of the caused damage; fundamentals of market economy and other profile disciplines.

Carefully selected employees provide about 70-80% of its success, increasing thereby financial activity and increase in rating of insurance company.

Insufficient level of insurance culture and mistrust of the population to insurance companies is considered one of market problems. Information on activity of insurance companies is extremely limited that does not allow obtaining timely information. Meanwhile the competition in the insurance market considerably escalates doing the market to more civilized, people began to pay more attention to a brand and service quality. In summary, high-level personnel, training for increase in competitiveness of insurance companies is necessary today.

For work in the market professional insurers, actuaries, risk managers, financial managers, appraisers of risks, marketing specialists, and brokers are required.

Now only a few higher education institutions can offer specialties "Insurance Business", "Actuary", "Risk Management", there are no uniform qualification requirements to these specialties and criteria of preparation. It leads to big expenses in work of insurance companies. Further important step on given problem solution is development of obligatory certification of heads of insurance company's technique.

Bibliography

1. Zakon PKot 18.12.2000 g., №126-II "O strakhovoi deyatel'nosti" (s izm. I dop. Ot 02.07.2018g.)
2. Internetresursy: <http://www.insur.kz>, <http://polpred.com>, <http://www.twirpx.com>, <http://bibliofond.ru>

УДК: 336 (075.8)

АКТУАЛЬНОСТЬ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ СТРАХОВЫХ КОМПАНИЙ

¹ Сатымова К.М., ² Тогжанова А.К.

¹ Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

² Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова, г.Уральск

Аннотация: актуальность статьи обусловлена проблемой создания системы подготовки персонала в страховых компаниях. Данный вопрос остается приоритетным не только в смысле управления персоналом, но и как важная составляющая процесса активизации страховых продаж.

Ключевые слова: подготовка кадров, страховые резервы, страховые компании, активы страховщиков.

ББК 81'36

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Шакуова А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі шақ категориясы, оның түрлері, грамматикалық тұлғалары, айырмашылықтары мен ұқсастықтары салыстырмалы түрде сипатталады.

Кілт сөздер: грамматика, етістік, шақ категориясы, өткен шақ, осы шақ, келер шақ.

Грамматика тілдегі грамматикалық бірліктерді топтастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бірі-бірінен жігін ажырататын тәсілдерді зерттейді. Қазіргі таңда төл тіліміз бен ағылшын тілінің грамматика саласында көптеген мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді. Әсіресе, ұлттық аудиторияда шетел тілінің грамматикалық жағын үйретудегі қиыншылықтар толық зерттелмеген. Соның бірі етістіктің грамматикалық формаларындағы шақ мәселесі төңірегінде зерттеу жүргізу - шақ формаларының мәтіндегі қызмет аясын, тіл білімінде, аударма теориясында кейбір шешілмеген тұстарын ашуға көмектеседі. Етістік - заттың, құбылыстың іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістік – қазақ тілінің де, ағылшын тілінің де сөз таптары ішінде қолданылу аясы өте кең, аса бай грамматикалық категориясы. Етістік қазақ тілінде жаққа, шаққа жіктеледі, не істейді? не қылды? деген сұрақтарға жауап береді.

Ағылшын тілінде де етістік шаққа, жаққа байланысты what does (he, she, it (smb.) do? деген сұрақтарға жауап береді.

I

We

What do You do?

I

We

What did You do?

They

He

She

[1,1076]

Етістік іс-әрекетті, қимылды білдіре отырып, осы іс-әрекеттің сөйлеушінің сөйлеп тұрған сәтімен байланысты өту кезеңін де көрсетеді. Қазақ тілі тәрізді ағылшын тілінде де етістіктің жақ, сан, шақ категориялары бар. Негізінен етістіктер жекеше түрде осы шақта үшінші жақта ғана өзгеріске ұшырайтындықтан, етістіктің жаңа категориясы көп қиындық тудырмайды. Тек *to be* етістігінің жіктелу ерекшеліктерін есте сақтау керек.

Етістіктің қимыл, іс-әрекетті білдіретіні мәлім. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтімен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың шақтық мағынасы мынадай болуы мүмкін: үнемі қайталанып тұратын, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан іс-қимыл, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуы тиіс іс-қимыл.

Етістіктің шақтарының ішкі мәнін анықтауда сөйлеушінің хабарлау кезі негізгі тірек қызметін атқарады. Қимыл-әрекеттің жасалу мезгілі сөйлеушінің хабарлаған кездегі не одан бұрынғы, не хабарлап тұрған кезден кейінгі болып жіктеледі. Осы ерекшелікке орай етістіктің шақтары үшке бөлінеді. Олар: 1. Present tense (осы шақ); 2. Past tense (өткен шақ); 3. Future tense (келер шақ) [2,1206].

Мұнда «tense» сөзі латын тілінде «tempus», яғни уақыт деген мағынаны білдіреді.

Шақ категориясы - іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткенін, не болатынын, не болып жатқанын білдіріп, белгілі бір тәсілдермен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы. Ағылшын тілі грамматикасында шақтардың берілу тәсілдері сан алуан. Парадигмалық құрылымы жағынан әр шақ төрт аналитикалық форманы қамтиды. Қазақ тіліндегі шақ категориясын анықтауда да ағылшын тіліндегідей сөйлеушінің сөйлеу сәті негізгі белгілердің бірі болып табылады. Негізінен, ағылшын тілінде он алты шақ категориясы бар, соның ішінде он екі шақ категориясы жиі қолданылады: The Present Simple Tense, The Present Continuous Tense, The Present Perfect Tense, The Present Perfect Continuous Tense, The Past Simple Tense, The Past Continuous Tense, The Past Perfect Tense, The Past Perfect Continuous Tense, The Future Simple Tense, The Future Continuous Tense, The Future Perfect Tense, The Future Perfect Continuous Tense.

Ал қазақ тілінің шақ категориясының жүйесі де өзге тілдердегі сияқты өткен шақ, осы шақ және келер шақ деп аталатын үш саладан құралады [3,5156]. Әрбір шақтың түрі өз ішінен бірнеше уақ түрлерге бөлінеді. Қазіргі қазақ тілінде етістіктің шақ категориясы біршама зерттелгенмен, әлі де шешуін таппаған мәселелер баршылық. Оларды оқулықтарда, лингвист ғалымдардың зерттеулерінде шақ категориясының әртүрлі топтарға бөлініп, түрліше аталып жүргенінен байқауға болады.

Мысалы, ауыспалы осы шақ қазақ тілінде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы іс-қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде алда болатын іс-қимылды білдіріп, келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл тұлғасы ауыспалы осы шақ деп аталады. Енді оны ағылшын тілімен салыстырайық. The Present Indefinite Tense is used: 1. To denote the action which is permanent or habitual. Murat goes to school every day – Мұрат күнде мектепке барады. Go to the library every day – Мен күнде кітапханаға барамын.

2. To denote general truths. My friends studies at Moscow University – Менің досым Мәскеу университетінде оқиды. The sun sets in West – Күн батыста батады [417 б].

Демек, The Present Indefinite Tense-тің қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақпен сәйкес келетінін мысалдар арқылы оқушыларға екі тілдегі сәйкестілікті түсіндіруге болады.

Сонымен, осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Бұл ереже қазақ тілі мен ағылшын тілінде де бірдей екенін айта отырып, оның жасалу жолын практика жүзінде қолданып түсіндіруге болады. Ағылшын тіліндегі шақтың екінші бір түрі - The Present Perfect Tense. Бұны қазақ тіліндегі бұрынғы өткен шақпен салыстыра берген дұрыс деп есептейміз. The Present Perfect Tense-тің бұрынғы өткен шақпен байланыстырыла берілуін Р.Сарсенбаева өзінің «Методические руководство к использованию учебников английского языка в школах с казахским обучения» кітабында қарастырады [5,206]. Қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің адам сөйлеп тұрған кезден әлдеқайда бұрын болғанын білдіреді.

Ағылшын тілінде The Present Perfect Tense is used: 1. To express the completion of an action by now. That is why we are not interested in when the action took place; we are interested in the completion of action by now and its effect on present events. This is probably the commonest use of The Present Perfect Tense. Қазақ тіліндегі бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады: 1. Бұрынғы өткен шақ *-ып, -ін, -п* көсемше тұлғалы етістіктің жіктелуінен жасалады: (мен) бар-ып-пын, (сен) бар-ып-сың, (ол) бар-ып-ты. 2. Бұрынғы өткен шақ *-ған, -ген, -қан, -кен* есімше тұлғалы етістіктің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) барғанмын, (сен) келгенсің, (ол) айтқан. Мен барыппын – I have gone.

Сен келіпсің – You have come

Ол айтыпты – He has said

Бұрынғы өткен шақ *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшеге немесе *-ып, -ін, -п* тұлғалы көсемшеге еді, екен толымсыз көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы да жасалады. Мұндай күрделі түрінде еді, екен көмекші етістіктері ғана жіктеледі. Ағылшын тіліне аударғанда: I have read. We have read.

Негізінде, ағылшын тіліндегі шақ категориясы өте күрделі. Active voice-те 16 шақ формасы, Passive voice-те 10 шақ формасы бар. Шақтық формалар белгілі бір қағиданы сақтай отырып жасалады. Осы қағиданы оқытушы студенттерге жете түсіндіріп берсе, бұл студенттің материалды игеруін оңайлатып, шақ формаларын студенттің саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Ағылшын тіліндегі етістіктің шақтары басты төрт шаққа - Present, Past, Future, Future in the Past негізделеді. Бұлар мағынасы мен жасалуына қарай әрқайсысы төрт түрге бөлінеді. Енді ағылшын және қазақ тілдеріндегі аталған шақтардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына тоқталайық.

Алдымен, Present Continuous Tense (нақ осы шақ). Ағылшын тіліндегі Present Continuous дәл қазір болып жатқан іс-әрекетті қимылды білдіретін етістіктің формасы.

Ағылшын тілінде Present Continuous шағы *to be* етістігі мен (*am, is, are*) негізгі етістікке *ing* жалғауын жалғау арқылы (*to be + V ing*) жасалады. Мысалы: My son is reading now. You are speaking.

Қазақ тіліндегі нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Мысалы :Студенттер лекция тыңдап отыр. Аққу теңізде жүзіп жүр.

Present Continuous шағының ұқсастықтарына тоқталсақ. Біріншіден, етістіктің күрделілігі, яғни екі тілде де нақ осы шақта күрделі етістік (негізгі етістік + көмекші етістік) қолданылады. Көмекші етістік негізгі етістік is reading, негізгі етістік көмекші етістік оқып отыр. Екіншіден, екі тілдегі көмекші етістіктердің сәйкестігі. Қазақ тіліндегі нақ осы шақтың көмекші етістігі (отыр, тұр, жатыр, жүр) ағылшын тіліндегі Present Continuous шағының көмекші етістігіне (am, is, are) сәйкес келеді. Үшінші, екі тілдегі негізгі етістіктің жасалуы. Қазақ тіліндегі нақ осы шақ негізгі етістікке көсемшенің *-ын, -ін, -п* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Ал ағылшын тілінде Present Continuous негізгі етістігі *ing* жалғануы арқылы жасалады. Мысалы оқы-п отыр, is read-ing. Төртіншіден, екі тілдегі негізгі етістіктің жалғауларында ұқсастық бар. Екі тілдегі нақ осы шақта негізгі етістіктер қандай сөйлем болмасын өз жалғауымен қала береді.

Present Continuous

Нақ осы шақ

He is reading

Ол оқып отыр

He is not reading

Ол оқып отырған жоқ

Is He reading?

Ол оқып отыр ма?

Бесіншіден, екі тілдегі болымсыз сөйлемдердің ұқсастықтары. Қазақ тіліндегі нақ осы шақтың болымсыз сөзі (жоқ) ағылшын тіліндегі Present Continuous-тің болымсыз сөзіне (not) сәйкес келеді. *He is not reading.* - *Ол кітап оқып отырған жоқ.*

Енді Present Continuous пен қазақ тіліндегі нақ осы шақтың айырмашылығына келейік.

1. Екі тілдегі күрделі етістіктің орын тәртібінде айырмашылық бар. Қазақ тілінде нақ осы шақтың күрделі етістігінде көмекші етістік негізгі етістіктен кейін тұрады.

Ал ағылшын тілінде Present Continuous Tense-тің күрделі етістігінде көмекші етістік негізгі етістіктің алдында тұрады. Мысалы: *She is speaking now.* Ол сөйлеп тұр.

к/е н/е н/е н/е к/е

2. Екі тілдегі көмекші етістіктің лексикалық мағынасы жағынан айырмашылықтары бар. Қазақ тіліндегі нақ осы шақтың көмекші етістігінің дара тұрған кезде лексикалық мағынасы болады, ал күрделі етістік құрамында оның лексикалық мағынасы болмайды. Мысалы: Ол мектептің алдында тұр (бұл сөйлемде тұр етістігінің мағынасы бар). Тұр етістігі ІІІ жақтағы адамның мектеп алдында тұрғанын білдіріп тұр. Мысалы: Олар қонаққа бара жатыр (бару етістігі бұл сөйлемде негізгі мағынаны білдіріп тұр). Егер бұл сөйлемде жатыр етістігі негізгі мағынаны білдіріп тұрса, сөйлемнің мағынасы болмай кетеді. Шынында, адам тұрып барады. Ал қонаққа ешкім жатып бармайды. Сондықтан жатыр етістігі негізгі мағынаны білдірмейді (негізгі мағынаны бару етістігі білдіреді).

3. Екі тілдегі болымсыз сөздің орын тәртібіндегі айырмашылық. Ағылшын тіліндегі болымсыз сөз сөйлемнің ортасында, қазақ тіліндегі нақ осы шақта болымсыз сөз сөйлемнің соңында тұрады. Мысалы: *I am not reading.* - Мен кітап оқып отырған жоқпын.

4. Екі тілдегі көмекші етістіктердің жалғауларындағы айырмашылық. Ағылшын тіліндегі нақ осы шақтың көмекші етістігі (сұраулы, хабарлы, лепті, болымсыз) әртүрлі сөйлемдерде ешқандай жалғаусыз тұрады. Қазақ тіліндегі нақ осы шақтың көмекші етістігінің жалғаулары әртүрлі сөйлемдерде әртүрлі болады. Мысалы:

They are speaking now.

Олар сойлесіп отыр.

They are not speaking now.

Олар сойлесіп отырған жоқ.

Are they speaking now?

Олар сойлесіп отыр ма?

Сонымен, ағылшын тіліндегі шақтарды оқытуда оларды қазақ тіліндегі етістіктің шақтарымен салыстыра меңгерткен тиімді. Мысалы, The Present Simple (Indefinite) Tense қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақпен салыстырыла берілген тиімді. Қазақ тілінде ауыспалы осы шақ *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше етістіктің жіктеліп келуі арқылы жасалады: барады, айтады, т.с.с. Ол бір зерттеулерде ауыспалы осы шақ, енді бір зерттеулерде жалпы осы шақ деп аталып жүр. Ауыспалы осы шақ қазақ тілінде іс-қимылдың дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Мысалы: Құс ұшады. Әнші ән салады.

Ағылшын тілінде. The Present Simple (Indefinite) Tense can describe:

1. Habitual actions. I usually get up at 7.30 - Мен сағат 7.30-да тұрамын.
2. Actions and situations which are generally or usually true. We like ice-cream. - Біз балмұздақты жақсы көреміз.
3. Facts are always true. The sun rises in the east. - Күн шығыстан көтеріледі.

The Present Continuous (Progressive) Tense қазақ тіліндегі нақ осы шақпен салыстырылады. Қазақ тілінде нақ осы шақ қалып етістіктерінің тікелей жіктелуі арқылы не көсемшенің *-ып, -ін, -п, -а, -е, -й* тұлғасындағы негізгі етістікке осы қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады. Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді.

Ағылшын тілінде. The Present Continuous (Progressive) Tense describes: 1. Actions in progress at the present moment. Sorry, I can't to speak to you, I'm washing my hair. - Кешіріңіз, мен сізбен қазір сөйлесе алмаймын, мен басымды жуып жатырмын. 2. Actions happening around now, but not at the moment of speaking. I'm reading The Lord of the Rings. - Мен сақиналар әміршісін оқып жатырмын.

The Present Perfect Tense ті қазақ тілінде жедел өткен шақпен салыстыруға болады.

Қазақ тілінде жедел өткен шақ *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтары арқылы жасалып, іс-әрекеттің жуық арада ғана болып өткенін білдіреді.

The Present Perfect Tense is used to denote past events which are connected to the present. I've hurt my food. - Мен аяғымды ауырттып алдым.

The Past Perfect Tense ті қазақ тілінде бұрынғы өткен шақпен салыстыруға болады. Бұрынғы өткен шақ іс-әрекеттің сөз болып отырған уақыттан көп бұрын іске асқанын білдіріп, айғақты түрі есімшенің *-ған, -ген*, айғақсыз түрі көсемшенің *-ып, -ін, -п* тұлғаларындағы етістіктің тікелей жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: барған, айтыпты.

The Past Perfect Tense is used for the earlier event. When we arrived at Sue's house, she has left. – Біз Сьюдің үйіне келгенде, ол далаға шықты.

Ауыспалы өткен шақ-іс-әрекеттің бірнеше дүркін болып өткенін білдіреді. Есімшенің *-атын, -етін, -итын, -итін* формалары арқылы жасалады. Мысалы, тыңдайтынбыз, көретінсіңдер. Ағылшын тіліндегі *used to* сөзімен салыстыруға болады. *Used to* is used to describe a habit or state in the past. I used to play tennis, but now I play football. - Мен теннис ойнайтынмын, қазір футбол ойнаймын.

The Future Simple (Indefinite) Tense ті қазақ тіліндегі ауыспалы осы шақпен салыстыруға болады. Ауыспалы осы немесе жалпы (анық) келер шақ етістік түбірге көсемшенің *-а, -е, -й* қосымшалары жалғанып, жіктеліп жасалады. Мыс: барады, оқиды.

The Future Simple (Indefinite) Tense is used to talk generally about future beliefs, opinion, hopes and predictions. There is usually a time expression. There won't be any lessons tomorrow. - Ертең сабақ болмайды. *Be going to do smth* құрылымын мақсатты немесе сенімді келер шақпен салыстыруға болады. Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -нақ, -нек* қосымшалары жалғану арқылы жасалады: жүрмек, айтпақпын.

Сенімді келер шақ негізгі етістікке *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* жұрнақтары жалғанып, қалып етістіктері (отыр, тұр, жүр, жатыр) тіркесуі арқылы жасалады.

Ағылшын тілінде. *Be going to do smth* is used.

1. For plans and intentions. After I finish university I'm going to travel all over Europe. –

Университетті бітіргеннен кейін мен Еуропаға саяхатқа шықпақпын.

2. For prediction when we can see in the present situation, that something is going to happen. Look out. You're going to drop the plates! – Сақ болыңыз! Тәрелкені құлатып алайын деп жатырсыз!

Осы айтылғандарды саралай келе, ағылшын және қазақ тілдеріндегі шақ формасының ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, олардың қазақ тілінде берілу формаларын, жалпы, қазақ және ағылшын тілдеріндегі шақ формаларының түрлерін салыстырмалы түрде көрсетуге болады. Нәтижесінде, қазақ және ағылшын тілдері екі бөлек тілдік топқа жататын тілдер, сондықтан бұл тілдердің құрылымы өзгеше екені айқындалады. Демек, ағылшын тіліндегі шақтардың морфологиялық құрылымы мен негізгі грамматикалық формалары қазақ тілінен

мүлдем бөлек деп айтуға болады. Міне, екінші бір ерекшелік осында. Салыстыра зерттеудің түпкі негізі осындай ерекшеліктерден шығады. Ағылшын тілінде іс-әрекеттің тура объектіге айналуы етістіктің шақ категорияларымен байланысты қарастырылады. Осы бағытты ұстана отырып, тілдерді салыстыра зерттеу олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табуға мүмкіндік береді. Жалпы, шетел тілін оқыту мәселелері турасында зерттеушілер арасында екі түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарас бойынша шетел тілін оқытуда ана тіліне сүйене отырып, ана тілімен салыстыра отырып оқыту қажет деп саналса, екінші пікір бойынша шетел тілін ана тілінің көмегінсіз тікелей меңгеру керек дейді. Негізі, шетел тілін меңгеруде ана тілінің ерекшелігін ескеру шетел тілінде кездесетін жаңалықтарды түсіну үшін өте қажет. Әрине, шетел тілінде жаттығулар жасау арқылы ана тілін қолданбауға болады, бірақ ана тілі оқушының санасында сақталады. Ал егер ана тілінің ерекшеліктеріне мүлдем көңіл бөлмесе, оқушының шетел тілін меңгеруі кей жағдайда қиындық тудыруы мүмкін. Өйткені сабақ тек шетел тілінде ғана жүргізілсе, оқушы үшін түсініксіз тілдік материалдардың саны көбейіп кетіп, ол оқушының шетел тілін меңгеруге қызығуын төмендетуі де ғажап емес. Сондықтан шетел тілін меңгертуде оны оқушының ана тілімен салыстыра оқытудың маңызы зор деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баданбекқызы З. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. А. 2010
2. Баданбекқызы З. English Tenses. Ағылшын тіліндегі шақтар. Алматы, 2004
3. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
4. Каушанская В.Л. Грамматика английского языка. Москва, 2006.
5. Сарсенбаева Р. Методические руководство к использованию учебников английского языка в школах с казахским обучения. Алматы, 2005.

ББК 81'36

ГРАММАТИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ КАТЕГОРИИ КАЗАХСКОГО И АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКОВ

Шакуова А.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральска

***Аннотация:** В статье описывается категоризация категорий на казахском и английском языках, ее типы, грамматические особенности, различия и сходства.*

***Ключевые слова:** грамматика, глаголы, категоризация, прошлое, настоящее, будущее.*

УДК: 811.001.891.34

КӨПТІЛДІЛІК – ЖОҒАРЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ

Шканова Б.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

***Аннотация:** Бұл мақалада әрбір мемлекеттің экономикалық, парасаттылық және мәдени деңгейі білім саласының прогрессивті даму мүмкіндігіне байланысты екендігі атап көрсетілген. Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Әлемдік білім кеңістігінің жетістіктерін терең меңгеріп, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру білім беру жүйесінің басты мақсаты. Бүгінгі таңда ағылшын тілі барлық сала мамандарының*

кәсіби міндетінің негізгі компоненттерінің бірі. Мақалада сонымен қатар өзге тілді үйретудің кейбір-әдіс тәсілдері берілген.

Кілт сөздер: интеллектуалды тұлға, прогрессивті даму, көптілді білім беру, жоғары білікті маман, латын әліпбиіне көшу.

Әрбір мемлекеттің экономикалық, парасаттылық және мәдени қарымы білім саласының жай-жапсарына, халқының рухани деңгейіне және оның прогрессивті даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Сондықтан ел Президентінің Қазақстан Республикасы дамуының 2030 жылға дейін межеленген стратегиясында жастарға білім берудің әр алуан саласы мен халықтың рухани санасын көтеру, ана тілін өркендету жұмыстарына айрықша басымдықпен мемлекеттік мән берілген және оларды үнемі кезең-кезеңмен дамыту шаралары жүзеге асырылуда.

Елбасымыз 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында: «... біз білім беру сапасын әлемдік стандарт деңгейіне көтеруге тиіспіз. Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет. Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналған», - дей келіп, - «Тілдердің үштұғырлылығы» жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарымызға ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде басты мәселе болуы тиіс», - деп, әлемдік кеңестікке енуде ағылшын тілінің маңызын атап көрсетті. Бұл Жолдаудың алдында «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, халықтың пайымына берген болатын.

Бүгінгі таңда кезкелген ұлттың бәсекелестікке қабілеттілігін анықтайтын фактор білімділік деңгейі мен қоғамның интеллектуалдық қуаты болып табылады. Білім беру жүйесі модернизацияланған қазіргі заманда көп тілді меңгертуге елімізде қажетті жағдайлар жасалып, оқыту жүйесіне аса назар аударылуда.

Көптілділік - кез келген қоғам үшін даму бағыттарын айқындайтын жол, қазіргі өмірлік қажеттіліктен туындап отырған құбылыс. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар басқа елдермен коммуникациялық және интеграциялық байланысқа молынан еніп, өз жағдайларын тиімді шешіп отырған.

Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетіндігі белгілі.

Көптілді білім - көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына, ұлтаралық қатынас мәдениетінің, толеранттылығының және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Қазіргі Қазақстан жағдайында, жастарымызға үш тілді меңгерту – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Әлемдік білім кеңістігінің жетістіктерін терең меңгеріп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру бүгінгі білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Заман талабына сәйкес үштілді оқыту мектептердің бастауыш сыныптарынан, кей жағдайларда мектепке дейінгі ұйымдардан бастап енгізілуде. Жолдауда көрсетілгендей, «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жоба кезең-кезеңмен іске асырылуда.

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың, инновацияның дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен ғылыми жаңалықтар еліміздің экономика саласына да, мәдени-рухани өресінің көтерілуіне де тың ізденістер енгізіп отыр.

Заманның ендігі талабы бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді.

Көптілді білім мазмұны ана тілі мен мемлекеттік тілде, сонымен қатар бір немесе бірнеше шетел тілінде жүйеленген білім, білік және дағдыны қамтуы тиіс. Көпмәдениеттілік жағдайында көптілді білім беруді жүзеге асырудың негізгі идеясы оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі тілдерді пайдалануға ынталандыру, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, өз халқының мәдени құндылықтарын жоғалтып алмай, өзге елдің де мәдени құндылықтарын бойына сіңіре алу болып табылады.

Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру — бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Бірақ іргелі білім негіздерін меңгеру түбегейлі мақсат болғандықтан, көптілділіктің «туын» көтеріп, стандарт мазмұнын білім алушыларға толығымен жеткізу, одан оң нәтиже алу артқы шекте қалып қоймауы әдістемелік ізденістерді талап етеді. Олай болса, аудармасыз оқыту мәселесі бүгін-ертең толығымен дұрыс нәтиже бере қояды деу орынсыз екендігі даусыз. Қазақстанның бүгінгі жағдайында оқушылар білім мазмұнын жетік меңгеру үшін білімді оқыту тілінде қабылдауы тиіс. Аударма арқылы әр түрлі ғылым салаларымен таныса алады. Соның негізінде екінші тілді меңгере алады. Ал аудармасыз оқыту — көптілділікті дамытудың келесі сатысы.

Бәсекеге қабілетті ел болу және әлемдік стандарттар шеңберіндегі сұранысқа ие мамандарды даярлау ісінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының жүзеге асырылуын елдің жоғары білім беру жүйесіндегі интеллектуалдық серпіліс деп атауға болады. Бұл жаңа оқулықтар білімнің нағыз энциклопедиясы болып саналады.

Бүгінгі күні бағдарламаны жүзеге асыру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілуде, күн санап мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясы кеңіп, өсіп-өркендеп келеді, мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері де көбеюде. Жалпы білім беретін мектепте оқытылатын әрбір пән оқушы тұлғасын жетілдірумен қатар, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Оқушының жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруші мұғалім мәдениеттілік, шығармашылық, инновациялық тұрғыда ойлай алатын және бірнеше тілді білетін маман болуы шарт. Бұл орайда ұстаздарды жаңартылған бағдарлама бойынша Білім жетілдіру курстарынан өткізу жұмыстары жүргізілуде.

Көп тіл білу – заман талабы, қажеттілік. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты ету - тексіздің ісі. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш; ал ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш.

Қазақ халқы табиғатынан елгезек, жаңалықты тез қабылдағыш халық. Кеңес дәуірінде орыс тілі - заманның кілті болды. Бұл - заман талабы еді. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жетті. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Біздің ұрпағымыздың оны да көп ұзатпай меңгеріп алатындығына сеніміміз мол.

Елдің елдік болмысын, өзіндік бітім ерекшелігін айқындайтын Елтаңбасы, Туы, Әнұранымен қатар тұратын басты факторлардың бірі – мемлекеттік тілі. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдында мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадыр-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады, жанын қия күреседі.

Тарих қатпарларын зерделесек, халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Елтаңбаны да, Туды да, Әнұранды да өзгертуге болар, ал тіл – мәңгілік. Тіл – халықтың жаны, рухы. Тілі жоғалған халықтың өзі де тарих сахнасынан жоғалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында: « Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі», -деп көрсетілсе, осы Ата заңымыз бекіткен «Тіл туралы» заңда: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», - делінген.

Тілді қолдау мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалып, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық, материалдық, техникалық, әдістемелік жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында аталған жылдар көлемінде батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Бүгінгі күні бағдарламаны жүзеге асыру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілуде, күн санап мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясы кеңіп, өсіп-өркендеп келеді, мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері де көбеюде.

Әр халық, әр адам өзінің тіршілігіне қажет болса, ана тілінен өзге тілді өзі ізденіп, оқып үйренеді. Ал ана тілі - ананың сүтімен, әкенің мейірімімен даритын ұлы сый.

Сондықтан: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп, ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, оны әлемдік тілдермен қатар қоя алатын тұлға ғана өз елінің патриоты бола алары сөзсіз. Өзгені танып, өз елінің сол елдермен иықтас тұруы үшін білім алып, қызмет ететін ұрпақ қана – Қазақстанымызды мәңгі ел ете алады.

Бұл орайда, тіл саясатында бүгінгі басты мәселенің бірі болып отырған латыншаға көшудің де үлкен маңызы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: « Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап көрсетті. Көп тілді меңгеру – заман талабы, дей отырып әдіскер ретінде айтарымыз:

1-ден, өзге тілді үйренуде, ғылымның жаңа салаларын меңгеруде, адамда үрей сезімі болуы – заңдылық, ал кішкентай балалар қорықпай, ойын барысында тез сөйлеп кететінін ескерсек, студенттерге де аса жоғарыдан қарамай, бағамен шошытпай, «қарапайымнан – күрделіге» принципін ұстана отырып, ойын элементтерін қолдана үйреткен жөн деп ойлаймыз;

2-ден, шетелдік ғалымдардың тіл үйрену тәжірибелері бойынша, күнделікті қолданылатын, қайталанатын сөздер мен сөз тіркестерін меңгерткен жөн, ол айтушының қажеттілігіне жарауы тиіс;

3-ден, заттардың, құбылыстардың аттарымен /Зат есімдер/ қатар, кимыл-қозғалыстар ұғымын беретін /Етістіктер/ қоса үйретілгенде ғана, оқушы сөйлеу мүмкіндігіне қол жеткізе алады.

Жоғарғы оқу орындарында студентке билингвалды білім беруде, нақтырақ айтқанда, ағылшын тілін меңгертуде, ұстаздарымыз қолданып жүрген төмендегі оқу материалдары мен әдістемелік нұсқаулықтарды ұсынуды жөн көрдік:

- Шет тілдерін меңгеруге арналған арнаулы халықаралық стандарттағы оқу материалдары (Oxford, Cambridge Press);
- Multi - Rom және аудиодискілерден ағылшын тілін тыңдау;
- Әр түрлі тілдік бағдарламалармен жұмыс істеу;
- DVD дисклерді қарау (оқу, документалды, көркем фильмдерді);
- Әлем классиктерінің көркем әдебиеттері; спутниктік теледидардың, телеканалдарын қарау: BBC World, CNN, Euro sport, Hallmark, Discovery, Euro news.

Қорыта айтқанда, бүгінгі жағдайда шет тілдері барлық сала мамандарының кәсіби міндетті компоненті болып табылады. Сонымен қатар, шет тілі қарым-қатынастың нағыз шынайы құралы ретінде және әлемдік мәдениетке, әлемдік білім мен ғылымды меңгеруге,

әлем елдеріне саяхатқа шығуға, жұмысқа баруға, кәсіби шеберлік дамытуға мүмкіндік беру құралы ретінде қолданылады.

Жоғарғы оқу орындарында мамандардың үш тілді меңгеруінен шығатын қорытынды:

1. - алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді;
2. - көптілді меңгеру еңбек нарығында да жоғары бағаланады;
3. - бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» // Егемен Қазақстан. — 2007. — № 55. — 11–13-б.
2. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. — 2011. — № 110. — 5–7-б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. — [ЭР]. Қолжетімді тәртібі: strategy2050.kz.ru.
4. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы: Ресми басылым. — ҚР Заңы 01.2011 ж. — № 378-IV. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: kapshagay.gov.kz.news.

УДК: 811.001.891.34

ПОЛИЯЗЫЧИЕ - ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ВЫСОКОИНТЕЛЕКТУАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ

Шканова Б.А.

Западно - Казахстанский инновационно – технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В данной статье акцентируется внимание на вопросах взаимосвязи уровней экономических и культурных сфер каждого государства с потенциалом развития сферы образования. Полиязычие - это инструмент для формирования поликультурной личности. Основная задача системы образования - формирование всесторонне гармонично развитой личности, владеющей несколькими языками. На сегодняшний день английский язык является основным компонентом функциональной обязанности специалистов всех сфер деятельности. Также в статье рассматриваются некоторые методы и подходы обучения иностранным языкам.*

***Ключевые слова:** интеллектуальная личность, полиязычие, полиязычное образование, высококвалифицированный специалист, переход на латинскую графику.*

УДК: 343(075.8)
ББК 67.408
А.61

ПОХИЩЕНИЕ ЛЮДЕЙ КАК ОСОБЫЙ ВИД ПРЕСТУПНОГО ДЕЯНИЯ

¹ Аманбаева А.Н., ² Аманбаева А.М.

¹ Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

² Казахский университет инновационных и телекоммуникационных систем,
г.Уральск

Аннотация: *Статья посвящена проблемам применения уголовного законодательства об ответственности за похищение человека. Проанализирована ст. 125 Уголовного Кодекса Республики Казахстан «Похищение человека». Авторами были обобщены критерии правильного разграничения указанных составов, сформулированы предложения по совершенствованию действующего уголовного законодательства в целях усиления гарантий защиты личности человека.*

Ключевые слова: *похищение, состав преступления, права и свободы человека, законодательство.*

Защита прав личности, свобода человека, его честь и достоинство являются одной из важнейших проблем современности. Конституция Республики Казахстан, провозгласив, что человек, его права и свободы является высшей ценностью, закрепила весьма важное положение об обязанности государства признавать, соблюдать и защищать права и свободы человека [1].

Любое право, в том числе и право на свободу, подлежит оценке и защите в соответствии с теми стандартами, принципами и нормами, которые выработаны мировым сообществом. Вступление нашей страны в это сообщество в качестве полноправного члена, разделяющего все его ценности, предполагает полное и безоговорочное принятие указанных стандартов, принципов и норм.

В настоящее время мировым сообществом принято более 20 международных правовых актов, закрепляющих права человека. В их числе Всеобщая декларация прав человека, принятая Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1948 г., Международный пакт о гражданских и политических правах, вступивший в силу 23 марта 1976 г., Европейская конвенция «О защите прав человека и основных свобод» от 4 ноября 1950 г., Конвенция Содружества Независимых Государств «О правах и основных свободах человека» от 21 октября 1994 г. Так, в статье 9 Международного пакта о гражданских и политических правах, а также в ст. 3 Всеобщей декларации прав человека провозглашено, что каждый человек имеет право на свободу и на личную неприкосновенность [2].

Национальное законодательство Казахстана, воспринимая основные положения названных международных документов, также устанавливает свои гарантии охраны прав и свобод граждан. Разумеется, наиболее важным правовым актом казахстанского законодательства является действующая Конституция Республики Казахстан.

В соответствии со ст. 1 Конституции Республики Казахстан высшей ценностью нашей страны признается человек, его жизнь, права и свободы. Свобода относится к естественным и неотъемлемым правам человека, ее защита является фундаментальным принципом современного международного права. Это право наряду с другими основными правами человека закреплено и в Конституции РК.

Общеизвестно, что в статье 16 Конституции РК гарантируется: «Каждый имеет право на личную свободу». В ч.1 ст. 21 Конституции констатируется право на свободное

передвижение: «Каждому кто законно находится на территории Республики Казахстан, принадлежит право свободного передвижения по ее территории и свободного выбора местожительства, кроме случаев оговоренных законом» [1].

В комплексе личных прав и свобод каждого отдельного человека основное место отводится праву на свободу и личную неприкосновенность как конституционную гарантию безопасности личности. Это конституционное право реализуется в жизненной деятельности различными методами и способами, в том числе и уголовно-правовыми.

Уголовное законодательство, регламентирующее ответственность за посягательство на свободу и личную неприкосновенность нуждается в дальнейшем развитии и совершенствовании в соответствии с проводимой в настоящее время уголовной политикой в стране. В концепции правовой политики Республики Казахстан указывается: «В уголовном законодательстве следует исходить из признания первичности неотъемлемости прав и свобод человека, как высших социальных ценностей, охраняемых законом» [3].

Следовательно, личные права и свободы человека согласно нашего уголовного законодательства возведены в ранг первичных и неотъемлемых прав и свобод человека в качестве высших социальных ценностей, охраняемых уголовным законом нашей республики.

Необходимым условием успешного решения этой задачи является и правильное применение уголовного законодательства об ответственности за преступление против прав и свобод человека и гражданина, что, в свою очередь, предполагает глубокий теоретический анализ отдельных составов преступлений, в том числе и ст. 125 УК РК, предусматривающей ответственность за похищение человека [4].

Как показывает проделанное исследование и статистические данные, похищение людей на современном этапе развития нашего общества характеризуется значительным приростом, преобладанием корыстного мотива, существенным увеличением доли данного уголовного правонарушения в общей структуре преступлений против свободы, повышением уровня организованности преступников и масштабов распространения.

Похищения человека - это общественно-опасные умышленные действия, сопряженные с тайным или открытым завладением (захватом) живого человека, перемещением с места его постоянного или временного проживания с последующим удержанием против его воли в другом месте.

Субъективная сторона при похищении человека выражается только в прямом умысле, когда виновный осознает, что он похищает человека, действуя вопреки его воле, и желает этого.

Субъект преступления - лицо, достигшее четырнадцати лет. Однако, субъектом данного преступления не могут быть: один из родителей (усыновитель) малолетнего при похищении его у другого родителя или из любого иного места, где он находится на законном основании; родитель, лишенный родительских прав; близкий родственник (брат, сестра, дед, бабушка), при условии, что все эти лица действовали, по их мнению, в интересах малолетнего, а не в интересах третьих лиц, не состоящих в кровном родстве с малолетним и не являющихся его усыновителями.

Объектом похищения человека является его личная свобода. При этом под ней следует понимать не только физическую свободу (передвижения, перемещения), но и свободу поведенческого характера, лишенную физического принуждения.

С объективной стороны похищение человека заключается в его захвате (завладении) любым способом (тайно, открыто, путем обмана) и в ограничении личной свободы путем перемещения или водворения в какое-либо другое помещение (место) на некоторое время, где он насильственно удерживается.

Квалифицированный состав похищения человека (ч. 2 ст. 125 УК) образует тоже деяние, совершенное:

- 1) группой лиц по предварительному сговору;
- 2) неоднократно;
- 3) с применением насилия, опасного для жизни или здоровья;

- 4) с применением оружия или предметов, используемых в качестве оружия;
- 5) в отношении заведомо несовершеннолетнего;
- 6) в отношении женщины, заведомо для виновного находящейся в состоянии беременности;
- 7) в отношении двух или более лиц;
- 8) из корыстных побуждений.

Необходимо отметить, что ст. 125 УК РК содержит примечание, в котором говорится, что «лицо, добровольно освободившее похищенного (похищенную), освобождается от уголовной ответственности, если в его действиях не содержится состава иного преступления» [4].

Уголовное правонарушение «Похищение человека» следует отличать от: незаконного лишения свободы; вымогательства, взятия заложников; самоуправства и др. составов преступлений. Основные критерии – объект и объективная сторона преступления.

Жертвами преступников становятся, как правило, частные предприниматели и их близкие родственники. Основной мотив совершения похищений - получение денежных средств у граждан под надуманным предлогом возврата долгов и отказов от законных прав владения недвижимостью.

Исследуя проблему похищения людей, можно подытожить, что к числу основных факторов, детерминирующих похищения человека, следует отнести:

- а) экономические: желание незаконно обогатиться; в целях решения экономических споров; для погашения кредита; устранения конкурентов; использования рабского труда и т.п.,
- б) политические: по мотивам идеологической, расовой, религиозной ненависти или вражды либо по мотивам ненависти или вражды в отношении какой-либо социальной группы;
- в) социально-психологические: на почве межличностных конфликтов, тяжкого оскорбления, ревности, принуждения к даче ложных показаний, оказания секс-услуг и т.п.

Знание причин и условий, способствующих совершению такого преступления, как похищение человека, позволит правильно определить систему мер и подходов к предупреждению данного преступления.

Специалисты выделяют ряд специально-криминологических мероприятий, реализуемых органами государства в целях предотвращения похищения людей. К ним относятся:

- повышение уголовной ответственности за похищение людей (особенно за квалифицированные виды);
- проведение комплексных мероприятий, направленных на выявление граждан, проживающих с нарушением правил регистрации;
- выявление преступных групп, занимающихся похищением людей;
- изучение материалов уголовных дел, возбужденных по ст. 125 УК РК, и выявление характерных недостатков в раскрытии рассматриваемого преступления, включая подготовку методических рекомендаций по их устранению;
- введение в местных исполнительных органах и жилищно-строительных кооперативах учета граждан, подпадающих в группу риска;
- создание информационного банка данных о лицах, проходящих по оперативным материалам и уголовным делам о похищении людей.

Борьба с похищением людей актуальна не только для Казахстана, но и для других зарубежных государств, прежде всего для стран-участниц СНГ. Это обусловлено тем, что криминальное пространство, существовавшее на территории государств Содружества, продолжает сохраняться. В связи с этим в Межгосударственной программе совместных мер борьбы с преступностью указывается на необходимость проведения согласованных межведомственных оперативно-профилактических целевых мероприятий, направленных на пресечение преступной деятельности, в том числе связанной с похищением людей.

Обязанностью государства является признание, а также соблюдение и защита прав и свобод человека и гражданина. Исходя из данных конституционных положений, обусловлено

дальнейшее развитие уголовного законодательства в области обеспечения защиты личности от преступных посягательств, включая лишение или ограничение личной свободы человека.

Список литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.)// ИС «Параграф»
2. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части / под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
3. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858. // ИС «Параграф»
4. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на г. 12.07.2018.) // ИС «Параграф»
5. Сыдыкова С. Некоторые вопросы, связанные с торговлей людьми // Фемида -№ 8 (212) - 2013.
6. Решение Совета глав государств Содружества Независимых Государств от 25 октября 2013 года «О Межгосударственной программе совместных мер борьбы с преступностью на 2014-2018 годы» (город Минск) // ИС «Параграф»
7. Кулушев С.М. Актуальные проблемы совершенствования уголовного законодательства об ответственности за похищения человека. //Казахстанский журнал международного права. - №3(11) – 2003.
8. Тютюнник И. Г. Объект похищения человека. // Российский следователь -№ 12 -2007.

УДК: 343(075.8)

ББК 67.408

А.61

АДАМДАРДЫ ҰРЛАУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ РЕТІНДЕ

¹ Аманбаева А.Н., ² Аманбаева А.М.

¹ Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

² Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада адам ұрлауға қатысты қылмыстық жауапкершілік туралы заңды қолдану проблемалары талқыланды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125-бабына сәйкес «Адам ұрлау» болып талданды. Қолданыстағы қылмыстық заңды жетілдіру бойынша авторлар белгіленген қылмыс құрамын дұрыс анықтау критерийлерін жинақтады. Жеке тұлғаның жеке басын қорғауды күшейту мақсатында ұсыныстар жасалды.

Кілт сөздер: ұрлау, қылмыс, адам құқықтары мен бостандықтары, заңнама.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ТЕРРОРИЗМГЕ, ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫ

Альмуханбетов М.М.

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Аннотация: Мақалада терроризмге, экстремизмге қарсы күрсудің құқықтық саясаты, онымен күрсудің механизміне құқықтық сипаттама берілген. Қазақстанда соңғы кезде террористік, экстремистік қылмыстар кен таралуда, ұлттық қауіпсіздікке, қоғамға және жеке адамға тікелей қауіп төндіруде. Қазақстан Республикасы әлемдік террористік, экстремистік қылмыстардың даму тенденциясын ескере отырып, өзіндік күресу механизмін, қарсы тұру иммунитетін қалыптастырды, нормативтік құқықтық актілер базасын жетілдірді.

Кілт сөздер: Террористік, экстремистік қылмыстар, сепаратизм, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі, жедел-ізвестіру қызметі, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазіргі заманның ғаламдық проблемасы халықаралық қауіпсіздік пен құқыққа қарсы қайшы іс-әрекет - халықаралық терроризм, экстремизм, сепаратизм. Тарихта аталған террористік іс-әрекеттер орта ғасырларда (мысалы, ассасиндер) жетілген болатын. Терроризм қай ғасырда болсын топ болып құпия әрекет етіп мемлекеттілікті, ұлттарды жоюға (геноцид), халықаралық қатынастарды ушықтыруға алып келген (мысалы, 1914 жылы эрцгерцог Франц Фердинандқа Сараевадағы жасалған қастандық Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болды). Өткен ғасырдың 60-90 жылдары терроризм (экстремизм, сепаратизм) үлкен белеске шықты, жаңадан террористік (экстремистік, сепаратистік) топтар пайда бола бастады. Террористік (экстремистік, сепаратистік) топтардың мақсаттары заңды демократиялық режимдерді (басқа да саяси режимді) бұзу (мысалы, Италиядағы «Қызыл Бригада»), ұлт азаттық (мысалы, Палистиналық ХАМАС), революциялық сипатта болды. Соңымен қатар, батыстың жат, рухани, дәстүрден тыс идиалогиялық экспансиямен, рухани құлдырауымен, батыстық әскери контингентімен күресуге бағытталаған болатын (мысалы, АҚШ-тың идеологиялық, әскери-саяси экспансиясына қарсы құрылған Батыс Германиялық RAF экстремистік ұйымы).

Әр жылдары терроризм, экстремизм әр түрлі кейіпте болды, мысалы XX ғасырлардың басында олар ұлт-азаттық қозғалыс бағытындағы террор әдісін тандап алған топтар түрінде (Ирландия республикалық армиясы) әрекет етіп отырды. Заңды режимдерді құлатуға бағытталған революциялық ұйымдар, партизандық топтар түрінде жария немесе астыртын әрекет етті. XX ғасырлардың 30-40 жылдары Германия, Италияда билік басына экстремистік-ұлтшыл партиялардың (А. Гитлердің неміс ұлтшыл-социалистік жұмысшы партиясы) келуі мемлекеттік терроризм (геноцид) механизмінің жетілген уақыты еді, мысалы еврей ұлтын жою механизм жүйесі мемлекет деңгейінде жұмыс жасады, өлім және еңбек лагерьлерінің қалыптасуы үздіксіз өндіріс дәрежесіне жетті.

Терроризм, экстремизммен күресуде қазіргі заманда мемлекеттер үлкен күш біріктіріп, халықаралық (екі тарапты, көп тарапты келісімдер) конвенцияларға бірігіп, ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарын құрып, мамандандырылған ұйымдар күресуде (Шанхай ынтымақтастық ұйымы Өңірлік терроризмге қарсы күрес құрылымы, ТМД-қатысушыларының Антитеррористік Орталығы т.б.).

«Экстремизм» және «терроризм» ұғымдарына әлем мемлекеттерінде бір ортақ ұғым жоқ және қылмыстық жауаптылық әр түрлі деңгейді.

Қазақстан аумағында тыйым салынған террористік ұйымдардың тізімі бекітілген (Аль-Кайда, Шығыс Түркістандағы Ислам партиясы, Күрд халықтық конгресі, Ислам мемлекеті т.б).

Террористік, экстремистік топтардың қазақстандық рекруттарды өз қатарларына тартып, азғырып көндіріп, даярлап (жауынгерлік, арнаулы, психологиялық дайындық), психологиялық өндеп, шет мемлекеттерге (Сирия, Ресей Федерациясы) қарулы жанжалдарға, террористік белсенділік аймақтарда террористік әрекеттерге қатыстыру өзекті проблема болып отыр. Стратегиялық мақсат ретінде, террористік, экстремистік топтар шетелде (Сирия, Ауғанстан, Пакистан) жауынгерлік тәжірибеден өткен, жетілген жауынгер-террористерді Қазақстан аумағына жіберіп (кейін алдыртып) террористік, экстремистік қызметін жүргізуді қолданады. Қазақстан аумағы террористер үшін транзиттік дәліз ретінде қолданылуы мүмкін.

Террористік қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заңдарында айқындалаған. Қазақстан Республикасының Конституциясының 15-бабының 2-тармағына сәйкес, ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Терроризм, экстремизм үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде (2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған) (бұдан әрі – ҚР ҚК-і) қылмыстық жауаптылық көздеген.

Терроризм, экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында елімізде нормативтік құқықтық актілер базасы қалыптасты: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі (03.07.2014 ж.); «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдеде Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңы); «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (18.02.2005 ж.); Қазақстанмен ратификацияланған халықаралық Конвенциялар, шарттар, «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісім» (07.06.2002 ж.); «Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы конвенциясы» (16.06.2009 ж.) және басқа да екі жақты келісімдер.

ҚР ҚК-нің 3-бабында «террористік қылмыстар», «террористік топтар», «экстремистік қылмыстар», «экстремистік топтар» ұғым берілген.

Террористік қылмыстар	–	ҚР ҚК
тің 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 269		және 270-баптарында
көзделген іс-әрекеттер, нақты айтқанда 170-бап. Жалдамалылық; 171-бап. Жалдамалыларды дайындайтын базалар (лагерьлер) құру (жаңа құрам); 173-бап. Халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау; 177-бап. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық; 178-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық; 184-бап. Диверсия; 255-бап. Терроризм актісі; 256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру; 257-бап. Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу; 258-бап. Террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік; 259-бап. Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру; 260-бап. Террористік немесе экстремистік даярлықтан өту; 261-бап. Адамды кепілге алу; 269-бап. Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу; 270-бап. Әуе немесе су кемесін не жылжымалы теміржол составын айдап әкету, сол сияқты басып алу. [1]		

ҚК ҚК-де көзделген террористік қылмыстар санаты бойынша ауыр, аса қылмыстар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасы бойынша террористік әрбір қылмыстық іс-әрекет үшін (терроризмді насихаттау, террористік топ құру, террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру т.б.) жекелеген қылмыс құрамы бойынша қылмыстық жауаптылық белгілеген, жаза күшейтілген. Террористік, экстремистік қылмыстар үшін ескіру мерзімі қолданылмауы (ҚР ҚК-нің 71-бап 6-бөлік), жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы бабының қолданылмауы (72-бап 8-бөлік) қылмыстық заңнаманың ерекшеліктері болып табылады..

Біздің елімізде терроризм, экстремизм, сепаратизмге қарсы күресуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзіретін реттейтін нормативтік құқықтық актілер базасы жетілген деп айтуға болады («Прокуратура туралы», «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары т.б.). Әр мемлекеттік органдарға терроризмге қарсы іс-қимыл (бағыты, заты, мақсаттары) міндеттері заңдық деңгейде бөлінген, мысалы, «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (21.12.1995 ж.) ұлттық қауіпсіздік органдарына терроризмнің (экстремизмнің) саяси мақсат көздеген бағытана қарсы күресу мен терроризмге қарсы іс-қимылды жүргізетін мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруші міндеті бекітілген. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының әзірлеуімен Президенттің бастамасымен «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Президенттің №648 Жарлығы (24.09.2013 ж.) жұмыс жасады. [2] Аталған бағдарламаны жүзеге асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттен 103 176 375,0 мың теңге бөлінген еді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен әзірленген Қазақстан Республикасында діни экстремизм, терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.03.2018 ж. №124 Қаулысымен бекітілген) Қазақстан 2018-2022 жыл терроризммен күресуге 270 148,8 млн. теңге бөлінген болатын. [3]

Терроризм, экстремизм, сепаратизм ұлттық қауіпсіздікке қауіп туғызуда. Шетелдік (АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Израиль, Ресей Федерациясы) терроризмге қарсы күресудің озық практикасын ескере отырып, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында елімізде «Қарсы барлау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (28.12.2016 ж.) қабылданған болатын.

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңының 7-бабында терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құзыретін белгілеген. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1-бабының 5) тармағына сәйкес, терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы.

Терроризм актісі – адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның

өміріне қастандық жасау (Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңының 1-бабының 6) тармағы). [4]

Экстремистік қылмыстар – Қылмыстық Кодекстің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер.

Терроризм, экстремизммен күресу механизмін жетілдіруде Қазақстан үлкен жұмыстар жүргізіп жатыр, оған адами, құқықтық, қаржылық, материалдық-техникалық, рухани-идеологиялық ресурстарды жұмылдыруды айтуға болады.

Заман талабына сай терроризм, экстремизммен күресудің мемлекеттік және қоғамдық механизмін жетілдіру төмендегі жұмыстарды жүргізумен ұшастыру қажет:

- терроризм, экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында жыл өткен сайын заман талабына, халықаралық стандартқа сәйкес нормативтік құқықтық актілер базасын жетілдіру;
- терроризмге, экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында (қылмыстық процесс аясындағы құқықтық көмек, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқыққорғау органдары арасында) екіжақты және көпжақты халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру;
- терроризм, экстремизммен сыбайласқан немесе оларға көмек жолдарын ұсынған қылмыстық топтармен, қару-жарақтың, жарылғыш заттардың, жаппай қырып-жою қаруының заңсыз айналымымен, оларға қаржыландыру көздерімен, есірткі бизнесімен, заңсыз көшіп-қонумен, жалдамалылықпен, сыбайлас жемқорлықпен, дәстүрлі емес діни ағымдармен материалдық-техникалық, қаржылық, кадрлық, ұйымдастырушылық, жедел-ізвестіру, қарсы барлау, агентуралық-барлау, ақпараттық, нормативтік құқықтық стратегиялық және тактикалық жетілдіру;
- шет елге тасымалдаумен айналысып жатырған туристік, діни және басқа да оқу мекемелерінің, коммерциялық және өзге де ұйымдардың қызметін бақылауға алуды, жүйелі мониторинг жүргізуді жетілдіру;
- ұлттық және өңірлік қауіпсіздікке қатер төндіру, халықаралық қатынасты шиеленістіру мақстаныда терроризм, экстремизм, сапаратизмге қолдау болып отырған халықаралық және шет мемлекеттер ұйымдарын бақылауға алу және жолын кесу;
- терроризм, экстремизм, сепаратизмді қолдап отырған донор мемлекеттерді халықаралық құқық нормалары аясында қолдамауға шақыруға үлес қосу, санкциялауды қолдау.
- жастармен рухани құндылықтарға, отансүйгіштік, идеологиялық, діни тәрбиелеу жұмыстарын жетілдіру;
- терроризм, экстремизм, сапаратизм өзге де зорлық-зомбылықты насихаттайтын интернет ресурстардың қызметін соттан тыс тоқтатуды құқықтық жетілдіру;
- терроризм, экстремизм, сапаратизммен күресуде жедел-ізвестіру қызметін, барлау және қарсы барлау жұмыстарын қаржыландыру, кадрларды дайындау және озық ғылыми-техникалық құралдармен қамту бөлігінде жетілдіру;
- көшіп-қонуды бақылау, азаматтықты алу мен беру, саяси баспана беру мен босқындар легін бақылауда ұстап тұруды жетілдіру;
- ел аумағында орналасқан терроризм актісіне әлсіз объектілерді физикалық, қорғауды қаржылық, ақпараттық және техникалық жетілдіру;
- ұлттық жерсерікті (ҚАЗСАТ жерсерігі) терроризм, экстремизм күресуге белсенді пайдалану;
- терроризм, экстремизммен күресу саласындағы мамандарды даяралу (қайта даярлау), шет мемлекеттердің үздік арнаулы (әскери) оқу орындарында (АҚШ FBI академиясы, Ресей Федерациясы Федералды қауіпсіздік қызметі академиясы, АҚШ Орталық барлау басқармасының оқу-жаттығу орталықтары т.б.) оқыту, осы салада озық арнаулы (әскери) мемлекеттік органдар мен құқыққорғау органдарында біліктілігін арттыру, даярлау (қайта даярлау), арнаулы дайындық жұмыстарын жетілдіру;

- шет елге шығып кеткен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оларды қарулы жанжалға, террористік, экстремистік қызметке қатыстыруға жол бермеу, алдын алу;
- терроризм, экстремизммен күресу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді жетілдіру, ғылыми-практикалық конференциялар, семинар, кеңестер өткізу, осы салада заң, психология және басқа да ғылым салалары бойынша ғылыми зерттеулерге, жобаларға мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсету, ғалымдардың шығармашылық өсуіне халықаралық және мемлекеттік деңгейде гранттар бөлу, қаржылық қолдау арқылы көмек көрсету;
- терроризм, экстремизммен күресу саласында ұйымдарды тексеруде прокурорлық қадағалауды, ведомствалық жетілдіру;
- жасырынып немесе іздеуде жүрген террористік, экстремистік топ басшылары, қатысушылары, олар туралы барлық мәліметтерді анықтау, соңымен қатар жасырын байланыс арналарын, қаржыландыру, материалдық, техникалық қолдау көздерін, баспана беріп, қару-жарақ жеткізіп отырған тұлғалар мен көздерді анықтау және бейтараптандыру мақсатында арнаулы мемлекеттік органдарының қарсы барлау, агентуралық-барлау (жедел-жауынгерлік) қызметін, құқыққорғау органдарының жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру, қауіпті террористердің әлемдік бірыңғай базасын құруды қолдау;;
- қылмыстық процестегі қылмыстық қудалау органдарының жасырын тергеу әрекеттері институтын қаржыландыруды жетілдіру;
- түзеу мекемелерінде террористік, экстремистік қылмыстар үшін сотталғандармен теологиялық, тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін мамандарды дайындауды жетілдіру;
- шекаралас мемлекеттерде болып жатырған қарулы жанжал, заңсыз миграция басқа да қауіпті құбылыстардың мониторингін жүргізу;
- арнаулы мемлекеттік органдар мен құқыққорғау органдарының террористер (террористік топтармен) күресудің соңғы кезде (2010-2016 жылдары) Қазақстанда орын алған террористік актілерді жолын кесудің және қалалық көпшілік жерде жедел-жауынгерлік, арнаулы операцияларды жүргізу үшін тактикалық жетілдіру;
- шетелдерде діни білім алуға (Египет, Пакистан т.б.) кеткен азаматтарды, туризм мақсатымен шетел (Түркия, Россия т.б.) асып кеткен азаматтарды мемлекеттік бақылауды күшейту;
- терроризм, экстремизм, сапаратизммен күресу саласында немесе өз атына заңсыз айыптаулардан Қазақстан Республикасының мүддесін шетелде және халықаралық ұйымдар алдында қорғау.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Қылмыстық кодексі (03.07.2014 ж.) //ИС «ПАРАГРАФ». – 2018.
2. «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Президенттің №648 Жарлығы (24.09.2013 ж.) //ИС «ПАРАГРАФ». – 2018.
3. «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын
4. Бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 15 наурызда №124 Қаулысы // «Әділет» ҚР НҚА ақпараттық-құқықтық жүйесі – 2018.
5. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы //ИС «ПАРАГРАФ». – 2018.

УДК: 343

ПРАВОВАЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПРОТИВ ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА

Альмуханбетов М.М.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В статье дается юридическое описание правовой политики борьбы с терроризмом, экстремизмом и механизмом мошенничества. В последнее время террористические и экстремистские преступления широко распространяются по всему миру и угрожают национальной безопасности, обществу и личности. Республика Казахстан разработала механизм самоконтроля, иммунитет к противодействию нормативным правовым актам с учетом тенденций в развитии мировых террористических и экстремистских преступлений.

Ключевые слова:

Террористические, экстремистские преступления, сепаратизм, Уголовный кодекс Республики Казахстан, оперативно-розыскная деятельность, Закон Республики Казахстан «О борьбе с терроризмом».

УДК: 373.31.5
ББК 74.200 Г.14

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ

Ганиева А.С.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада әрбір азаматтың мамандық таңдау ерекшелігі, маңыздылығы. Қазіргі қоғамға керекті мамандар әзірлеу жоғарғы оқу орындарында қалай жүзеге асатыны жөнінде, жасөспірімнің мамандық таңдаудағы сипаты, ата-ананың көзқарасы, қазіргі маман иелерінің жеке пікірі, олардың мамандық таңдаудағы маңызды әдістерін түсіндіруі.

Кілт сөздер: мамандық, құқықтық реформа, құқық қорғау органдары, астрофизика ғылымы, білім тұрақтылығы.

Біз кеше ғана ата-ананың аялы алқанында, ұстаздарымыздың қамқорлығында болып келген ұрпақпыз. Ендігі жерде өмірден өз орнымызды тауып, қоғамға пайдалы еңбекпен айналысатын белсенді азаматша, азамат болуымыз - өмірлік парыз. "Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" дегенді білдіреді.

Шынында да қазіргі заманда ғылыми-техникалық прогрестің ғаламат өсуінің нәтижесінде еңбектің мамандандыру дәрежесі соншалықты артып, шырқау биікке шарықтап кеткен кезінде мамандықтың түрі көп. Әркімнің таңдаған мамандығы өзіне ұнауы тиіс. Ол сонда ғана бір ынта-жігермен сол мамандықты жете меңгеруге тырысады. Мұндай еңбек шабыт шақырады, ұдайы шығармашылық, ізденіс үстінде болады. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны сүйе білу керек, ынта қойып, қызыға меңгеру керек. Қазақта «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген мағнасы терең мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мамандық - адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін білім мен практикалық дағды жиынтығы. Мамандық таңдау- күрделі процесс. Бұл процесте адам өзінің жолын қателеспей дұрыс табуы үшін ойланады, пікірлеседі [1]. Мамандық таңдау- жасөспірім жастағы ең маңызды шешімдердің бірі. Ал, бүгінгі күні сан-алуан мамандықтың түрі бар.

Мамандықтың – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Бәсекеге қаблеттілік ең бірінші білімге келіп тірелетіні анық. Халықтың жүрегіне жол тапқан, көпшілік таңдайтын бірнеше мамандық бар, олар әр қоғамда қандай жағдай, қандай режим болмасын сұранысқа ие болады [2]. Сол мамандықтардың ішінде заңгер мамандығы да бар. Қажетсіз мамандық болмайды және де әр мамандық адамдардың белгілі бір қажеттіліктерін өтейді, олардың дұрыс, қалыпты өмір сүруіне жағдайлар туғызады. Осы орайда оқушылар белгілі жазушы, ғалым Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегінен де жақсы ақыл-кеңестер алуына болады. Автор «мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» дейді [3]. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен, өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Заңгер мамандығы ертеден келе жатқан мамандық болғандықтан бүгінгі қоғамнан да шет қалмақ емес. Елбасымыз әрбір баяндамасында елімізде құқықтық білімді, құқықтық сана мен тәрбиені, одан әрі өмір талабына сай жетілдіру қажеттілігі баса айтылады. Жалпы конституцияға сәйкес ҚР демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің негізгі атқаратын қызметі қоғамдық өмірдің барлық салаларын заң әділетті құқық нормасымен ретке келтіру, басқару, қызмет көрсету салаларында заң талаптарын басты басшылыққа ала отырып, адам, қоғам, мемлекет мүддесіне адал қызмет ету болып табылды. Еліміздің әрбір азаматы өз құқығын бостандықтарын, міндеттерін білуі тиіс, әрбір азамат құқық нормаларын, заңдылық талаптарын берік ұстануы керек. Сонда ғана мемлекетіміз саяси, экономикалық, әлеуметтік, тұрғыдан дамып, тәртіп нығаяды. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие әрбір азаматтың қалыптасуының, өсіп-жетілуінің басты қағидасына айналуы тиіс.

Құқықтық тәрбие қоғам мүшелерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымның іс-әрекеті болып табылады. Мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық ғылым тәртіптің қайнар көзі, бастауы.

Тәуелсіз ҚР-ның өркендеуіне, дамуына, дүниежүзіне танылуына тікелей әсер етіп жатқан құнды құндылықтардың бірегейі елімізде жүзеге асырылып жатқан құқықтық реформа болып табылады. Құқықтық реформаны жетілдіру елімізде мемлекеттілікті нығайтуға, әрбір қоғам мүшесінің құқықтық сана-сезімін жетілдіруге ҚР-ның жасалған алғышарт. Құқықтық білімнің болмауы жастардың құқықтық нигилизмі мен сауатсыздығына соқтырады. Құқық нормалары адамның туған сәтінен бастап өмірінің соңғы сәтіне дейінгі қолданылатын заңдылық құралы. Қоғам мүшелері, әсіресе жастар конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, жер, су, экология, салық, қаржы, еңбек, отбасылық құқық салаларын білуі қажет. Білімді адам өз елінің патриоты, қорғаушысы болады. Көптеген жоғарғы оқу орындары заңгер мамандарды дайындауда. Бұлардан басқа ішкі істер мемлекеттік қауіпсіздік, қаржы полициясы, қылмыстық атқару жүйесі органдарында да салалық заңгерлер мамандары даярланады. Сот органдары үшін Басқару академиясында магистрлер даярлайтын арнайы институт көп жылдан бері қызмет атқарып келеді. Заңгер әр кез ізденіс үстінде болады, әрбір шыққан жаңа заң немесе заңдағы өзгерістер мен толықтырулар, күнделікті жоғары сот қаулылары өзгеріп жаңашылданып отырады. Бұл мамандық (заңгер) менің таңдаған мамандығым. Толық мақтанып айта алам. Себебі, бұл мамандықты таңдағаным өкінбеймін. Заңгер бола тұра халқыма көмек көрсете аламын, құқықтық мәселе туындаса заң жағынан көмек ете алатыным қуанам. Заңгер мамандығы ең танымал және мәртебелі болып табылады. Жоғарғы мансап өсуіне жету үшін жоғары білім алу аз, өз біліктілігін үнемі арттырып отыру керек, бәсекеге қаблетті маман болу керек. Сондықтан талап етілген мамандық бойынша жоғары білім туралы диплом иеленушісі болу емес, нағыз маман болу өте маңызды.

Заңгерлерді оқытатын білімді ұстаз ғалымдардың біліктілік көрсеткішіне аса мән берген жөн. Қазіргі кезде шетел асып, жолын таңдап ғылым кандидаты, ғылым докторы

атағын алып келушілер де баршылық. Мұндай реттерде жұмысқа қабылдау үшін оларға, алдымен, студенттерге дәріс оқытып содан кейін тек қана конкурстық негізде жүзеге асырылса, білікті, білімді ұстаздар саны көбейер еді. Заңгерлік білім беруді өндірістік тәжірибемен тығыз ұштастыру қажет. Сот, құқық қорғау органдарының тәжірибесі қызметкерлерді болашақ заңгерлерге тәрбие беріп, олардың теориялық білімнің жетілуіне үлес қосқанының пайдалы жақтары көп. Осыған байланысты оқу жоспарын жандандырып, білім беру жүйесін оқу тәжірибелік істермен тығыз байланыста болуын қарастыратын сағат кестесін енгізу қажет [4]. Жалпы ұстаздық қызметке студентке беріліп, бірге жұмыс істейтін, оларға тиянақты, сапалы білім беретін ұстаздар алынуы керек. Жалпы жоғары оқу орындары оқытушыларының сапасын жақсарту үшін, қазіргі елімізде құқық қорғау органдарында жүргізіліп жатқан кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауды үлгіге алып құқық пәндерінен дәріс беретін оқытушылардың министрлік, ректорат құрған тәуелсіз комиссия арқылы кезексіз аттестаттаудан өткізу шаралары пайдалы болады деп ойлаймын.

Қазіргі таңда мемлекетке қажетті мамандықтар өте көп және жастардың таңдаған мамандықтары бір салалы. Біздің елде заңгерлер жеткілікті болғанмен білімді, заңды нақты және дәл білетін мамандар кем де кем. Сол ретте білімді ұрпақ дайындау білікті мамандардың қолында. Біздің судьяларымыз, адвокаттарымыз, прокурорларымыз, құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткілікті білім алғандықтан осындай деңгейге жетіп отырмыз. Өз ісінің нағыз маманы атану екінің біріне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат болу керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады. Мұндай адамдар тек өз жұмыстарының жемісін көріп және биік шыңдарды бағындырады. Білікті маман болу тек мемлекеттің емес бүкіл қоғамға септігін тигізіп және тұлғаның өзі үлкен беделге ие болады.

Нағыз маман- өз ісін жетік білетін және өз мамандығына байланысты жан-жақты дамыған адам болуы керек. Міне, сонда ғана ол өзіне және өзін қоршаған адамдарға қуаныш әкеледі. Адам баласына мамндық таңдау мүмкіндігі бұйырған, сол мүмкіндікті адам тиімді пайдалануы тиіс. Мамандықтың жаманы болмайды, тек оны түсіне білетін адам ғана меңгере алады. Өз ісінің білгір маманы болу кез келген адамның қолынан келмейтін іс. Қандай мамандық болмасын өзінің бір қиыншылығы болады. Оны игере білген, жетік түсінген адам ғана маман бола алады. Бұл жерде алған білімнің де үлесі зор, қаншалықты оқып, игергенің өте маңызды. Сұранысқа ие маман болу үшін ұшқыр ой, терең білім сонымен қатар таңдаған мамандығыңды сүйю өте маңызды қасиет болып табылады. Елдің болашағын ойлайтын әрбір патриот азамат мамндық таңдағанда еліме қызмет етіп көркеюдің маңызын білуі тиіс. Әбу Насыр Әл Фараби: «.... адам кез - келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса білгір және шебер болып шығады [5]. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады», - деген. Сарапшы мамандардың пікірінше бүгінгі күнде маркетинг, дизайнер, химик, ақпараттық технолог, өнеркәсіп саласы мамандары жетіспейді. Ал астрофизик, астроном сынды ғарыш саласы мамандары мен механик, картограф, геодезист мамандығына еліміз аса зәру. Бұл мамандықты таңдаушылар қатары жоқтың қасы болса, қажеттілік жылдан-жылға артып келеді.

Күннен-күнге заманауи технологиялардың сан түрі шығарылып жатыр. Қазір кезінде арман болған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алу да» таңсық емес. Адамзат жеті қат көкті де, жерді де зерттеп-зерделеді. Ғаламат ғарышқа да табан тіреді. Яғни төрткүл әлем техникаға телмірген заман болды. Осыған орай еліміз де ел экономикасының басты бағдары болып отырған мұнай-газ және энергетикалық салаға баса назар аударып отыр. Бірақ бұл мамандыққа деген сұраныстың артуы жоғары болғанымен, оған жастардың қызығушылығы төмен. Әдебиет пен тарих сынды гуманитарлық пәндерден алдына жан салмайтын оқушылардың көпшілігі физика мен химияға келгенде амалсыз тосылып қалады. Оған ұлттық бірыңғай тест барысындағы көрсеткіштер куә бола алады. Жапония, Корея, Қытай сынды Азия

елдерінде сол техниканың небір түрлері жасалады. «Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі біздің жерімізде бар» деп кеуде кере мақтанғанымызбен, оларды игеруге келгенде өзгелермен иық тірестіре алмаймыз.

Ал жоғарыда аталған елдерде, байқап қарасақ, қазба байлық та шамалы ғана. Бірақ олар тыңнан түрен салып, әлем елдерінің алдыңғы қатарына шықты [6]. Елбасының нанотехнологиялық орталықтар мен зерттеу институттарын қалай болғанда да дамыту керектігін айтқаны белгілі. Ал бұл саланы дамытсақ, химиялық биология, биотехнология сынды ғылымдардың да дамуына мүмкіндік туады. Мамандар «біздің ұлттың бойынан техникалық мамандықтарды игеруге құлықсыздық, қайта гуманитарлық салаға беймділік себебі – ұлттың технограттық санасының әлсіздігінен» деген тұжырымға келіп отыр. Сол себепті де жылдан-жылға техникалық, ауылшаруашылық мамандарын даярлауға мемлекет тарапынан бөлінген грант саны артып отыр.

Заңгер дегеніміз – заң саласындағы, заңгерлік қызметтегі, заңдық істерді (құқықтық нормаларға сәйкес қарастыру мен шешім қабылдауды талап ететін және қылмыстық істер мен азаматтық дауларды, қақтығыстарды реттеуші) жүзеге асыратын маман. Жоғарғы оқу орындарында заңгерлікке даярлық қазіргі заман талабына сәйкес жүргізілуі тиіс. Мұның өзі, сонымен қатар, оқыту процесінің негізгі мазмұнын құрайды және оның маңызды мәселелеріне жауап береді. Негізінен, заңгер кәсібіне қойылатын талаптар: нақты теориялық білімді, қазіргі құқықтық және экономикалық қатынастарда ойлау қабілеті дұрыс, мемлекеттік саясат ағымын талқылай алатын маман болу керек. Сондай-ақ, олар заңдарды біліп, өзінің білімін кәсіби қызметтегі тәжірибеде пайдаланып, мамандығы бойынша тәжірибелік дағдыларды игеріп, жұмысында қолдана алуға қалыптасуы керек [7]. Ал, заңгерлердің кәсіби мәдениеттілігі – басқару әдістерін білу, ел арасында тәрбиелік және құқық жұмыстарын жүргізіп насихаттау, үнемі біліктілігін жетілдіру, нарықтық даму жағдайында өзге адамдармен қарым-қатынас жасай білу қасиетін көрсетеді. Мен автор ретінде және осы мамандық иесі ретінде бұл жерде заңгер мамандығының қысқаша ұғым қалыптастырдым деп ойлаймын. Бұл жерде жас және заңгер мамандарының да ойлары қосылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Маслоу А. Мотивация и личность. Москва, 1998. – 467 бет.
2. Маркова А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников. – Москва: Педагогика, 1998 г.
3. Толығырақ: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-lylymdar/2727/> Материалды көшіріп басқанда Massaget.kz сайтына гиперсілтеме міндетті түрде қойылуы тиіс. Авторлық құқықты сақтаңыз
4. М. М. Акижанова «Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі студенттердің оқу мотивациясы мәселесі» Вестник КАСУ №1 – 2008 жыл.
5. Қасымова Г.М. Жоғарғы оқу орындарында оқыту әдістерін жетілдіру // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Алматы, 2000. - 102-107 бб.
6. Рахимбеков Ғ.Р. Оқыту процесіндегі сұрақтың рөлі. -Алматы, 1999, - 132 б.
7. Амонашвили Ш.А. Гуманно - личностный подход к детям. - М.-Воронеж, 1998. - 539 с.

УДК: 373.31.5

ББК 74.200 Г.14

СПЕЦИАЛЬНОСТЬ КАК ПОТРЕБЛЕНИЕ ЖИЗНИ

Ганиева А.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В этой статье важно, чтобы каждый гражданин выбирал профессию. Как развивать навыки, необходимые в современном обществе, как подростки*

выбираются по своему выбору профессии, перспектива родителей, личное мнение нынешних специалистов и их интерпретация наиболее важных методов выбора профессии.

Ключевые слова: специализация, правовая реформа, правоохранительные органы, наука о астрофизике, стабильность образования.

УДК:94(574)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ХАЛҚЫМЫЗҒА РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН НАҚТЫ БАҒДАР

Гильманова Д.М.

№2 Ақтөбе қалалық сотының судьясы, заң ғылымдарының магистрі

Аннотация: Мақалада еліміздің жаһандану мәселесін шешу жолдары көрсетілген. Соның ішінде негізгі көңіл латын әліпбиі мен Қазақстанның тарихына бөлінген.

Кілт сөздер: стратегия, болашақ, ұлттық сана, жаһандану.

Қазақстанның бірінші жаңғыруы 25жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастағанымыздан басталған болатын.

Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек-бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Бұл іргелі мақаланы халық Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсетіп берген тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдауда.

Бұл халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар екеніне күмән жоқ. Нағыз ұлттық жаңғыру тек Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана, Елбасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізінде басталды деп айтуға болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отырған бұл идеяның ұсынылуы уақыт талабы мен ел дамуының тарихи кезеңіне сай, маңызы зор шешім болып отыр. Бұл идеяның үшінші жаңғырудың өзегіне айналуы, елімізге мүлдем жаңаша сипат, тың серпін әкелері анық.

Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. Сол себептен Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Елбасы аталған мақаладан жаңаша бастау алатын «Туған елге» ұласатын «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Әрбір азаматтың өзінің туған жерінің гүлденуі үшін нақты үлес қосуға үндейді.

Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор екенін айта кеткен жөн.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу - тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс - шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт- дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Ең бастысы-жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным- өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын», - дегені жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде баға жетпес ұсыныс.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы- қоғам дамуына тың серпін беріп, барша қазақстандықтардың жаппай қолдауына ие болар тарихи бастама. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру-баршамыздың міндетіміз.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек», - екенін атап көрсетті.

«Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», - деді ол.

Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр. Елбасының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қақысы жоқ», - деуі шешімді пікір.

Рухани жаңғыру дақ ойылып отырған маңызды мәселенің бірі «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап әлемдік тілдерді игеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қолжеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де нақты анықтап беріп отыр. Соның бірі латын әліпбиіне көшу. Бұл орайда, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданатындығын айта кеткен жөн.

«Президент рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндетін қойып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (30.08.1995) – АСТАНА: Елорда, 2015.
2. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.2017 жылғы 31 қаңтар, "Егемен Қазақстан" 31.01.2017., - № 20.

УДК:94(574)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ХАЛҚЫМЫЗҒА РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН НАҚТЫ БАҒДАР

Гильманова Д.М.

№2 Ақтөбе қалалық сотының судьясы, заң ғылымдарының магистрі

***Аннотация:** В статье указываются пути решения задач по дальнейшей модернизации страны. Особое внимание уделяется переходу к латинскому алфавиту и истории модернизации Казахстана.*

***Ключевые слова:** стратегия, будущее, национальное сознание, модернизация.*

КОНСТИТУЦИОННО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ УЧАСТИЯ ИНСТИТУТОВ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА ВО ВНЕСУДЕБНОЙ ЗАЩИТЕ ДЕТСТВА В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Кубеева З.Т.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: Задачей правозащитных организаций, является обеспечение гражданского контроля за соблюдением прав человека государством в целом и всеми участниками, вовлеченными в социально-экономическую, общественно-политическую и духовно-культурную сферы жизни общества. Основными проблемами конституционно-правового регулирования участия институтов гражданского общества как в России, так и в Казахстане, является отсутствие эффективного механизма взаимодействия общества и власти.

Ключевые слова: защита детства; право; конституционно-правовая политика; человек; государство; ребенок.

